Ключевые слова: кластер, территориальный кластер, кластерная политика, государственная поддержка кластеров, строительный кластер, центр кластерного развития, целевая кластерная программа

Кіріспе. Соңғы онжылдықтарда кластерлер әлемнің көптеген елдерінде экономикалық өсудің шешуші құралдарының біріне айналды. Кластерлік саясат инновацияларды ынталандыру, компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру және бизнесті тиімді жүргізу жағдайларын жақсарту үшін белсенді қолданылады (Schumpeter, 2021). Кластер деп әдетте экономиканың бір саласында немесе аралас салаларында әрекет ететін және белгілі шектеулі аумақта орналасқан бір-біріне жақын, әрі туыстас, өзара байланысқан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер тобын айтады. Кластерлердің маңызды ерекшелігі кластерге қатысушылардың өзара іс-қимылының синергетикалық әсері болып табылады, бұл оларға ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалануға, шығындарды төмендетуге және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді (Абдыров, т.б., 2017). Зерттеу мақаласында кластерлік құрылымдарды енгізудің отандық және шетелдік тәжірибелерін талдау негізінде Қазақстан өңірлерінде аумақтық кластерлерді әріқарай дамыту пайымы қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Отандық және шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстан өңірлерінде аумақтық кластерлерді дамыту пайымын зерттеу үшін статистикалық деректер, стратегиялық жоспарлау бағдарламалары, ғылыми басылымдар мен талдамалық есептеулер, шет мемлекеттердегі кластерлерді қолдаудың құқықтық және институционалдық тетіктерін зерттеудің тәжірибелік жетістіктері сияқты материал көздері қолданылды.

Мәселені зерттеу негізінен экономикалық талдаудың сандық, сапалық және салыстырмалы әдістерінен құралған кешендік бағытты қолданумен байланысты жүргізілді. Атап айтқанда, сандық талдауда өңірлердің экономикалық көрсеткіштер серпінін және кластерлік бастамалардың тиімділігін бағалау үшін деректер статистикалық тұрғыдан өңделді, кластерлік даму мен өңірлік экономикалық өсу арасындағы корреляциялық байланыс анықталды. Сапалық талдау кезінде Қазақстан өңірлерінде аумақтық кластерлерді дамытудың күшті және әлсіз жақтарына, мүмкіндіктеріне және қауіп-қатерлеріне баға берілді, кластерлік саясатты жүзеге асырумен байланысты жетістікке жетудің шешуші факторлары айқындалды. Сондай-ақ, отандық QazIndustry ұйымының және Дүниежүзілік банктің әзірлеген әдістемесіне сәйкес, ішкі және сыртқы жағдайлардан тәуелді кластерлерді болашақ дамытудың бірнеше сценарийлері әзірленді және экономиканы кластерлендіру саласындағы саясаттың әртүрлі нұсқаларының салдарлары болжанды. Салыстырмалы талдау барысында шетелдік озық үлгілерге бейімделудің мүмкін бағыттарын анықтау үшін Қазақстан тәжірибесін шет мемлекеттердің кластерлік жетістіктерімен, әсіресе, Ресей тәжірибесімен салыстыру жүргізілді, сонымен қатар, кластерлерді қалыптастыру мен қолдау бағыттарындағы ортақ белгілері мен айырмашылықтары айқындалды. Олай болса, сандық, сапалық және салыстырмалы талдау әдістерінің үйлесімділігі таңдап алынған өзекті тақырыпты жан-жақты зерттеуге және Қазақстанда кластерлік саясатты жақсарту үшін дәлелді ұсыныстар беруге мүмкіндік береді.

Талдаулар және зерттеу нәтижелері. 2006 жылы Гарвард университетінің профессоры, кластерлер теориясының және «Ұлттық бәсекеге қабілеттілік Ромбы» үлгісінің авторы Майкл Портер Қазақстанда кластерлерді құру жобасының жетекшісі ретінде отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне талдау жүргізді (Porter, 2011). Жобаның мақсаты бәсекеге қабілеттілікті көтеру және экономиканы әртараптандыру үшін индустриалдық негізді құру мақсатында басымдықты кластерлерді анықтау болып табылды. Сол уақытта жүргізілген зерттеулер барысында аса мықты 23 саланың ішінен отандық экономика үшін 7 аса басымдықты кластер таңдап алынды. Олар: 1) Тамақ өнеркәсібі; 2) Жеңіл өнеркәсіп; 3) Мұнай-газдық машина жасау; 4) Көлік-логистикалық қызметтер; 5) Металлургия; 6) Құрылыс материалдары; 7) Туризм.

Алайда, 2006-2008 жылдары аталған 7 кластердің іске қосылуы пилоттық жобалар күйінде қалып қойды, яғни осы жерде кластерлер неге жұмыс істемей қалды деген сұрақ туындайды. Оның негізгі 5 себебін атап өтуге болады:

1. *Кластердің орталық үйлестірушісі және салалық интеграторы анықталмады.* Кластерге қатысушылардың өзара бірігу тетіктерінің, кластерлердің ұйымдық құрылымын қалыптастырудың және сараптамалық-әдістемелік қолдаудың жеткілікті түрде орындалмауы осындай мәселеге душар етті.

2. *Бизнес өкілдерінің жеткіліксіз белсенділігі.* Әдетте, АҚШ және ЕуроОдақ елдеріне тән өзін-өзі ұйымдастыруға және басқарудың жұмсақ сипатына бағытталған кластерлік бастамаларға отандық бизнес немқұрайдылық танытты, соның салдарынан компанияларда бірігу мен оқшаулану ынталары жоғалды және инженерлік құзыреттіліктер тапшылығы орын алды.

3. *Кластерлерді мемлекеттік реттеу шаралары негізінен кластерлерге қатысушылардың құзыреттері мен стратегиялық жоспарлау дағдыларының жеткіліксіздігіне байланысты тек жекелеген кәсіпорындар мүддесі үшін ғана экономикалық ынталандыру шараларына әкеп соқты.*

4. *2007-2008 жылдары орын алған қаржылық-экономикалық дағдарыс ықпалы.* Дағдарыс салдарынан кәсіпкерлік субъектілерінің жай-күйінің күрделенуіне байланысты Қазақстанда кластерлер құру жобасы түпкілікті бұғатталды.

5. *Кластерлік бағыт кейін арнайы экономикалық аймақ, индустриалдық аймақ негізінде жекелеген өндірістік жобалар мен серпінді өсу нүктелерін қолдайтын дәстүрлі салалық тәсілдермен ауыстырыла бастады.* Бұл жаңа өнім шығаруды едәуір әртараптандыруға және кеңейтуге мүмкіндік бергенімен, артынша оны жаңартуға және инновациялық өнімдерді тудыруға жеткіліксіз болды.


Кейін, 2014 жылы Қазақстан Республикасының (ҚР) үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасының (ҮИИДМБ) іске қосылуына байланысты кластерлік жобаларды қолға алу саясаты қайта жандана бастады. 6 пилоттық аумақтық кластер таңдап алынып, олардың

негізгі міндеттері айқындалады. Мұнда аумақтық кластер ұғымына мынадай анықтама беріледі, яғни, «аумақтық кластер» дегеніміз – бұл тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өндіру және өткізу саласындағы аумақтық жақындық пен функционалдық тәуелділік қатынастарымен байланысты кәсіпорындардың, шикізаттар мен жабдықтарды, жинақтауыш құралдарды, мамандандырылған өндірістік және сервистік қызметтерді жеткізушілердің, ғылыми-зерттеу және білім беру ұйымдарының бірлестігі (Еспаев, Киреева, 2013).

6 аумақтық кластерді іріктеп алу сол кездегі ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен 2016 жылғы 23 желтоқсандағы бекітілген «Аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу Ережелерін бекіту туралы» № 873 Бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

Аумақтық кластерлерді іріктеу ережелерін, критерийлерін және әдістемесін QazIndustry ұжымы және Дүниежүзілік банк әзірледі.

Конкурстық іріктеуге 21 өтініш келіп түскен, соның ішінде машина жасаушылардың, химиктердің, фармацевтердің, сыр-бояу және басқа да құрылыс материалдарын өндірушілердің кластерлік бастамалары болды (сурет 1).



Сурет 1 - Аумақтық кластерлерді іріктеу

Ескерту: дереккөз [4]

Аумақтық кластерлерді іріктеу критерийлерін төмендегі суреттен тамашалауға болады.

1. Қосылған құн тізбегін дамыту деңгейі:

- өзара байланысты және өзара толықтырушы кәсіпорындар мен ұйымдар санының көп болуы, шағын және орта бизнестегі мамандану деңгейі;
- адами ресурстардың қол жетімділігі;
- индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымның дамығандығы;
- білім беру инфрақұрылымының дамығандығы;
- қажетті шикізат пен табиғи ресурстар.

2. Өңірдегі қолайлы орта:

- энергетикалық инфрақұрылымның дамығандығы;
- көлік инфрақұрылымының дамығандығы;
- қаржылық ресурстардың қол жетімділігі.

3. Кластерді дамыту бойынша бастаманың өңірге және салаға болжамды әлеуметтік-экономикалық ықпалы (аумақтық кластерге қарасты кәсіпорындардағы соңғы 5 жылдағы деректер қарқыны негізінде алынған жұмыспен қамтылғандар саны, өндірілген өнім көлемі, олардың экспорт көлемі тұрғысынан), ұлттық және аймақтық стратегияларға сәйкестігі.

4. Кластерді дамыту басымдықтары, кластердің ішкі, аймақтық және жаһандық нарықтардың дамуы есебінен болжанбалы қызмет көрсеткіштері.

Сурет 2. Аумақтық кластерлерді іріктеу критерийлері

Ескерту: дереккөз [4]

QazIndustry орталығының анықтауы бойынша, осындай критерийлерге жауап беретін таңдап алынған аумақтық кластерлер кластерлік бастамаларды жүзеге асырудың негізгі кезеңдерінен өтіп жатыр. Атап айтқанда:

Кезең 1-2 (2017 жылдан бастап) – Бастама білдіру кезеңдері.

- 1) Кластерді іске қосу үшін компаниялар тобының бастамасы.
- 2) Әлеуетті кластерлері бар өңірлермен жұмыс жүргізу.
- 3) Әрбір кластерлік бастама бойынша 10-20 компаниямен жұмыс жасау.

Кезең 3 (2017-2018 жж.) – Талдау кезеңі.

- 1) Шешуші проблемаларды анықтау үшін диагностика жүргізу.
- 2) Жергілікті деңгейде негізгі проблемаларды шешу мүмкіндіктерін талдау.

Кезең 4 (2018-2019 жж.) – Кластерге тарту және жұмылдыру үдерісі кезеңі.

- 1) Кластер үлгісін ашық талқылау үдерісі.
- 2) Кластерлердегі бағыттар бойынша жұмыс топтарын қалыптастыру.
- 3) Стейкхолдерлерді тарта отырып қызу жұмыс жүргізу.
- 4) Кластердің нақты міндеттерін, іс-қимылдарын, жобаларын және оны қалай басқару керектігін анықтау.

5) Кластерді дамыту стратегиясын әзірлеу.

6) Кластерді басқару: жобалық бағытын айқындау.

Кезең 5 (2020-2025 жж.) – Кластерлерді жүзеге асыру кезеңі.

1) Аумақтық кластерлерді мемлекеттік қолдаудың іс-шаралар кешенін әзірлеу.

2) Әртүрлі ынтымақтастық шеңберінде кластерлік жобаларды жүзеге асыру.

3) Кластерлік дамуды мониторингілеу.

Осы кезеңдерден өту аралығында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді:

- кластерлердің ядролары қалыптасты және даму стратегиялары әзірленді;
- кластерлерге қатысушылар саны 67%-ға ұлғайды;
- 6 пилоттық аумақтық кластер халықаралық деңгейде мойындалды;
- халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде аумақтық кластерлерді мемлекеттік қолдау шараларының Ережесі әзірленді және бекітілу үстінде.

Әріқарай, бизнес деңгейінде және өңір деңгейінде қандай тиімділіктердің орын алғанын атап өтейік.

Бизнес деңгейінде:

- бизнестің стратегиядан бастап өнімді өткізуге дейін тиімді трансформациядан өтуі, нарықтың аса басымдықты сегменттеріне мақсатты бағытталуы;

- кластерлік бастамалар шоғырланған өңірлерде кластерлік саясат аясында құзыреттіліктердің артуы.

Өңір деңгейінде:

- өңірлік және кеңістіктік дамумен өзара үйлесімділік табу;
- кластерлік обсерваторияны қалыптастыру жолымен өңірлердің экономикалық мамандануын дамыту және тереңдету.

Осындай аумақтық кластердің бастамаларды жүзеге асырудың нәтижесінде пилоттық кластерлер бойынша бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді:

1. Кластер қатысушыларының арасында біріккен байланыстар күшейтіліп, өнімнің өзіндік құнын 10%-ға оңтайландыруға мүмкіндік туды:

- Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университеті мен экологиялық таза құрылыс материалдарын өңдеу мәселелерімен шұғылданатын құрылыс кластері арасында;

- ұн тарту кластері мен Қостанай мемлекеттік университеті жанында ұн тарту саласы үшін IT дайындау мәселелерімен айналысатын цифрлық хаб арасында;

- жиһаз кластері мен жиһаз саласының заманауи трендтері аясында кластер қатысушылары үшін тренингтер жүргізу бойынша ҚР-ң дизайнерлер Одағы арасында өзара тиімді ынтымақтастық жөнінде бірқатар меморандумдар жасалды.

2. Қарағанды қаласында құрылыс кластері жергілікті шикізаттардан және өнеркәсіптік қалдықтардан экологиялық құрылыс материалдарын өндіру мүмкіндіктерін талдау бойынша өз жұмысын бастады:

- құрылыс материалдарының отандық өндірісінің мүмкіндіктерімен танысу үшін Қарағанды қаласына испан құрылыс кластері өкілдерінің келуі, сондай-ақ қарағандылық құрылыс кластері өкілдерінің ескі ғимараттар мен құрылыстарды жаңғырту және экологиялық үйлер тұрғызу технологияларын зерделеу үшін Испанияға сапары ұйымдастырылды (Петренко, 2019).

3. Алматы өңіріндегі туристік кластер бойынша меймандарды орналастыру орындарында сапа стандарттарын енгізу, сонымен бірге қонақ үй бизнесін сертификаттауға қатысуға ынталандыру мүмкіндіктері бойынша Испанияның «Qalidad» институтымен келіссөздер жүргізілді, бұл сертификаттау жүйелері

мен сәйкестік белгілері арасындағы бәсекелестікті дамыту үшін жағдай жасайтын болады.

4. Фармацевтикалық кластер және жиһаз кластері шеңберінде бірлескен іс-әрекет нәтижелері жаңа өткізу нарықтарына шығуға мүмкіндік берді:

- 2019 жылдан бастап Шымкент қаласы және Оңтүстік өңір бойынша фармкластер Өзбекстан еліне дәрі-дәрмек өнімдерін жеткізуді жүзеге асырады;

- жиһаз кластері жыл сайын Өзбекстанның көрме шараларына қатысып тұрады және қатысушылардың шығындары өтеледі;

5. Кластерлер шеңберіндегі бірлескен іс-әрекет ішкі нарықтарда жаңа сегменттерді кеңейтуге мүмкіндік орын алды:

- Алматы қаласының көптеген жаңа мектептеріне металлдық, корпусық, жұмсақ және басқа да жиһаз түрлерін жеткізу үшін мемлекеттік сатып алу рәсімдеріне қатысу бойынша жиһаз кластерінің қатысушыларымен үйлестіру жұмыстары жүргізілуде.

6. Алматы қаласының жиһаз кластері бойынша:

- кластерге қатысушылардың өзара бірігуі жиһаз (жұмсақ жиһаз, үстелдер мен орындықтар, жұмсақ орындықтар, шкафтар және т.б.) өндірушілерге желілік қонақ үйлер мен туристік компанияларға бірлесіп жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді;

- қазіргі уақытта Хайвилл тұрғын үй кешені үлгісі бойынша сатып алушыға пәтерді жиһазбен жабдықтап беру бөлігінде тұрғын үй салушыларымен жұмыстар жүргізілуде.

7. Ақмола облысының сүт өңдеу кластері бойынша:

- кластер қатысушыларының Астана қаласындағы «Ақ мол» сауда нүктелерінің желісіне сүт өнімдерін жеткізу кеңейтілді;

- сүт өнімдерін орау, буып-түю материалдарының ребрендингі жүргізілді, бұл өнім өткізудің күрт өсуіне ықпал етті.

Аталған кластерлік бастамалардың осындай жетістіктеріне қарамастан, оларға мемлекеттік қолдау қажет. Кластерлерді мемлекеттік қолдаудың әлемдік үлгілеріне көз жүгіртетін болсақ, әлемнің алдыңғы қатарлы озық елдері жекелеген кәсіпорындарды тікелей қаржыландыру тәжірибесінен салалардың бәсекеге қабілеттілігін маңызды түрде кеңейтетін кәсіпорындар тобы – кластерлерді қаржыландыруға әлдеқайда бұрын көшкенін байқаймыз (Тузубекова, 2024).

Кластерлерді мемлекеттік қолдаудың әлемдік тәжірибесі негізгі үш әдіс бойынша жүргізіледі:

1. Бизнес өкілдерімен бірлесе отырып қаржыландыру: мемлекеттік-жеке әріптестік принципі. Мысалы, Ұлыбританияда жылына 1 кластерді қамтамасыз ету үшін 766 мың фунт стерлингі, ал Францияда жылына 1 кластерге 1,25 млн. еуро бөлінеді.

2. Кластер қатысушыларының ортақ жобаларын жүзеге асыруды бірлесіп қаржыландыру. Мысалы, Швецияда жылына 1 кластерге 2 млн. еуро, ал Финляндияда жылына 1 кластерге 2-5 млн. еуро көлемінде бөлінеді.

3. Кластерді мемлекеттік қолдаудың қаржылық емес шаралары. Мысалы, Германияда осындай шараларға 1 кластер үшін жылына 8 млн. еуро, ал Ресейде кластер ішіндегі 1 жоба үшін 100 млн. рубль жұмсалады.

Кластерлерді мемлекеттік қолдаудың қазақстандық тәжірибесін ресейлік тәжірибемен салыстыратын болсақ, онда екі ел арасындағы бірқатар ұқсастықтардың бар екендігін байқаймыз (кесте 1).

Нақтырақ айтатын болсақ, екі елде де мемлекеттік қолдау шаралары субсидиялау, жобалық қаржыландыру, білім беру, ғылыми, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды қолдау сияқты іс-қимыл тетіктерін қосу арқылы жүргізіледі.

Қазақстанда 6 пилоттық кластер іске қосылды десек, Ресейдің 34 өңірінде кластерлік дамыту орталықтары арқылы (КДО) 59 кластерлік ұйым тікелей қаржыландырылады. Ресейде кластерлік қозғалыс 2008 жылдан басталды және өңірлерде КДО құрылып, кластерлік саясаттың әдіснамалық базасы дайындалды, кластерлік обсерватория пайда болды. Қазіргі уақытта, Ресейде 2025 жылға қарай 110 кластерлік бастама дамып келеді.

Қазақстанда QazIndustry базасында КДО қаржыландырылады. Кластерлік қозғалыс 2014 жылдан бастап қайта жанданды. QazIndustry базасында КДО құрылып оның әдіснамалық базасы жасақталды. Ал қазір 6 кластерлік бастама жұмыс істеп келеді.

Кесте 1 – Кластерлердің дамуын салыстырмалы талдау: Ресей және Қазақстан

Ресей		Қазақстан	
2008 жыл	2020 жылға дейінгі РФ ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасы: кластерлік саясаттың негізгі принциптері қалыптасты. Оператор – РФ Экономикалық даму министрлігі. 2010-2016 жылдарға субсидия мөлшері – 1,1 млрд. руб.	2014 жыл	2014-2019 жылдардағы ҚР ҰИИД-МБ: ұлттық кластер, инновациялық кластер және 6 пилоттық аумақтық кластер бойынша негізгі міндеттер айқындалды. Оператор – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі. 2014-2020 жылдарға кластерлік саясатты дамытуға бөлінген қаржыландыру мөлшері – 233,7 млн.теңге
2010 жыл	РФ өңірлерінде кластерлік дамыту орталықтарының құрылуы және әрекет етуі, кластерлік саясат бойынша мамандардың құзыреттілігін арттыру	2015-2018 жылдар	QazIndustry базасында кластерлік дамыту орталығының құрылуы. кластерлік саясат бойынша мамандардың құзыреттілігін арттыру
2012 жыл	Пилоттық кластерлерді конкурстық іріктеуден өткізу	2017 жыл	Пилоттық кластерлерді конкурстық іріктеуден өткізу
2013-2015 жылдар	Пилоттық кластерлер жобаларын жүзеге асыру үшін 5 млрд. рубльден астам субсидиялар бөлінді. 2015 жылға қарай кластерлік саясаттың операторы болып РФ өнеркәсіп және сауда министрлігі жатқызылды.	2018 жыл	Пилоттық кластерлерді дамытудың стратегиялық жоспарларын әзірлеу

2015 жыл	Іріктелген өнеркәсіптік кластерлерді сүйемелдеу. Өнеркәсіптік кластерлер реестрін қалыптастыру	2019-2021 жылдар	Іріктелген аумақтық кластерлерді сүйемелдеу. Аумақтық кластерлер реестрін қалыптастыру
2016 жыл	Кластерлерді мемлекеттік бағдарламаларын іске қосу	2020-2021 жылдар	Аумақтық кластерлерді мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеу
2017-2020 жылдар	Кластер жобаларын жүзеге асыру үшін субсидиялар бөлу. 2018 жылы кластерлердің 17 біріккен жобасы 4,7 млрд. рубль сомасына субсидияланды.	2022 жыл	Кластерлерді мемлекеттік қолдау бағдарламаларын іске қосу
Ескерту: дереккөз [4]			

Кестеден көріп отырғанымыздай, Ресейде де, Қазақстанда да кластерлерді мемлекеттік қолдау шараларында субсидиялау әдісі кеңінен қолданылады. Бұл кластерлерді қолдаудың әлемдік мойындалған тәжірибесі болып табылады.

Қазақстанда кластерлерді қолдау мемлекеттің араласуынсыз мүмкін емес. Сондықтанда, кластерлік саясатты дамыту бойынша жаңа бағыттар қажет. Бұл жерде QazIndustry орталығы ұсынған жаңа бағыттарды басшылыққа аламыз.

1. Стратегиялық басымдықты анықтау.

Аумақтық кластерлердің әрекет етуінің құқықтық шекарасын – аумақтық кластерлердің «статусын» анықтау ұсынылады. Бұл жерде статустың анықталуы ҚР «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заң жобасында, индустриализациялау жөніндегі Ұлттық жобада бекітіліп, оның өкілеттілігі QazIndustry кластерлік саясатты жүзеге асыру операторына берілуі тиіс.

2. Кластерлерді диагностикалау және мақсатты кластерлік бағдарламаларды (МКБ) таңдау.

Аумақтық кластерлердің реестрін қалыптастыру арқылы кластер жобасына қатысушылардың шешуші үлестік пұлын анықтау ұсынылады:

- өңірлер бойынша кластерлік бастамаларды диагностикалау;
- өтініштерді қабылдау негізінде аумақтық кластерлердің реестрін қалыптастыру;
- әдістеме негізінде кластерлерді даму деңгейі бойынша ранжирлеу;
- мемлекеттің басымдықтарын есепке ала отырып МКБ-ны іріктеу критерийлерін қалыптастыру;
- МКБ-ны іріктеу бойынша байқау рәсімдерін ұйымдастыру.

3. Ынталандыру шаралары.

МКБ шеңберінде кластер жобасына қатысушылардың шешуші үлестік пұлын қарастыру нәтижесінде жобаларды кезең-кезеңмен бірлесіп қаржыландыру ұсынылады:

- МКБ-ны тиімді іске асыру мақсатында кластер қатысушыларына қарсы міндеттемелер (инновациялық өнімдер шығару, өткізу нарықтарын кеңейту, еңбек өнімділігін арттыру және т.б.) қойылатын болады;
- МКБ-ны үдемелі іске асыру жекелеген шаруашылық жүргізуші субь-

ектілермен салыстырғанда кластердің барлық қатысушыларының бәсекеге қабілеттілігін арттырудан көрінетін синергетикалық әсерді қамтамасыз етеді.


4. Кластерлік саясатты жүзеге асыру механизмі.

ҚР-ң индустриалдық-инновациялық саясатын жүзеге асыру принциптеріне сәйкес, соңғы нәтижелерге қол жеткізе отырып өңірлердің рөлін күшейту ұсынылады:

- аталған қарсы міндеттемелердің мониторингілеу;
- әріқарай өндіріс ауқымын және масштаб тиімділігін кеңейту;
- аумақтық кластерлерді дамытудың жаңа басымдықты бағыттарын анықтау.

Сонымен, мақсатты кластерлік бағдарлама – бұл бірлескен жобалар мен өнімді бәсекелестікті іске асыру үшін алғышарттар қалыптастыруды қамтамасыз ететін, кластерге қатысушылардың тиімді өзара іс-қимыл әлеуетін іске асыру есебінен кәсіпорындар тобының бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне ықпал ететін іс-шаралар кешені.

Мәселен, QazIndustry орталығы құрылыс кластері мысалында МКБ-ны жүзеге асыру тетігін төмендегі алгоритм бойынша ұсынады (сурет 3).



Сурет 3. Құрылыс кластері мысалында мақсатты кластерлік бағдарламаны жүзеге асыру механизмі

Ескерту: дереккөз [4]


Ұсынылған алгоритм бойынша МКБ-ны бірлесіп қаржыландыру туралы шешім қабылдау кезінде екі негізгі шарт орындалуы тиіс. Біріншіден, мемлекеттің басымдықтарын қадағалау жағдайында 70%-мемлекеттің қатысуымен, 30%-кластердің қатысушыларымен, екіншіден, бизнес-бастаманы жүзеге асыру жағдайында 50%-мемлекеттің қатысуымен, 50%-кластердің қатысушыларымен болмақ.

Алгоритмді орындау үшін мониторинг QazIndustry орталығымен әр тоқсанда бір рет министрлікке тұрақты түрде есеп берумен жүзеге асырылады.

Енді Қарағанды құрылыс кластерінің МКБ-ң жүзеге асырылуының тиімділігін қарастырайық (сурет 4).

Қарағанды құрылыс кластерінің МКБ-н жүзеге асыру тиімділігінің нәтижесінде жаңа өнімдер 5%-ға, өндіріс көлемі 19%-ға, экспорт көлемі 11%-ға және салықтық түсімдер 18%-ға артады деп күтіледі.

Біздің пікірімізше, Қарағанды кластері үшін испан кластерінің жетістіктерін пайдаланып қана қоймай, сондай-ақ басқа елдердегі құрылыс кластерінің үлгілерін де қолданған жөн. Солардың бірқатарына және жетістікке жетуінің факторларына тоқталып өтсек.



Сурет 4. Қарағанды құрылыс кластерінің МКБ-н жүзеге асыру тиімділігі
Ескерту: дереккөз [4]

1. Швецияның Skanska құрылыс кластері.

Skanska – Швецияда орналасқан әлемдегі ірі құрылыс компанияларының бірі. Компания тек құрылыс компанияларын ғана емес, сонымен қатар құрылыс материалдарын өндірушілерді, зерттеу институттары мен университеттерді қамтитын құрылыс кластерін қалыптастыруға өзінің белсенді қатысуымен белгілі. Бұл кластер инновациялық технологияларды дамытуға және құрылыс сапасын арттыруға ықпал етеді.

Кластер ішіндегі табысты ынтымақтастықтың бір мысалы болып жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, экологиялық таза ғимараттар тұрғызу жөніндегі жобасы табылады. Кластерге қатысушылар арасындағы тығыз өзара іс-қимылдың арқасында құрылыс шығындарын айтарлықтай қысқарту және құрылыс нысандарының энергия тиімділігін арттыру мүмкін болды.

2. Германияның Бавария құрылыс материалдары кластері.

Немістің Бавариясы құрылыс материалдарын өндіру саласындағы дәстүрлерімен танымал. Мұнда HeidelbergCement, Knauf және басқа да танымал компанияларды қамтитын қуатты кластер қалыптасқан. Бұл кластер жетістігінің негізгі элементі болып өндірушілер мен ғылыми-зерттеу институттары арасындағы тығыз ынтымақтастық табылады, бұл өндіріске жаңа технологиялар мен материалдарды жылдам енгізуге мүмкіндік береді.

Мысалы, HeidelbergCement компаниясы жақсартылған сипаттамалары бар цементтің жаңа түрлерін әзірлеу үшін университеттермен және ғылыми орталықтармен белсенді ынтымақтастық жасайды. Бұл оған әлемдік құрылыс материалдары нарығында көшбасшылық позицияны иеленуге мүмкіндік береді.

3. АҚШ-ң Калифорниядағы құрылыс индустриясы кластері.

Калифорния өзінің дамыған инфрақұрылымымен және жоғары өмір сүру деңгейімен танымал. Мұнда Bechtel және Fluor сияқты ірі құрылыс компанияларын, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндірушілерді қамтитын құрылыс кластері қалыптасқан. Бұл кластер жұмысының маңызды аспектілерінің бірі жобаларды басқару және құрылыс үдерістерін оңтайландыру үшін қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады.

Мысалы, Bechtel компаниясы күрделі инженерлік құрылыстарды жобалау және салу үшін BIM-технологияларды белсенді пайдаланады. Бұл құрылыс үдерісін едәуір жеделдетуге және қателіктердің туындау тәуекелін төмендетуге мүмкіндік береді.

Шетелдік кластерлер жетістіктерінің негізгі факторлары.

Шетелдік кластерлердің табысты мысалдарын талдай отырып, олардың жетістіктерінің бірқатар негізгі факторларын бөліп көрсетуге болады:

- *Қатысушылар арасындағы тығыз өзара іс-қимыл:* компаниялар, ғылыми-зерттеу мекемелері және мемлекеттік органдар арасындағы тиімді ынтымақтастық нарықтың өзгеруіне жылдам ден қоюға және инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді.

- *Мемлекет тарапынан қолдау:* кластерлерді қолдаудың мемлекеттік

бағдарламалары оларды дамытуда маңызды рөл атқарады. Мысалы, зерттеулер мен ғылыми әзірлемелерге арналған субсидиялар, салықтық жеңілдіктер және арнайы экономикалық аймақтар құру инвестицияларды тартуға ықпал етеді және кластерлердің өсуін жеделдетеді.

- *Басқарудың инновациялық тәсілдері*: ВІМ-технологиялар және өндірістік үдерістерді цифрландыру сияқты қазіргі заманғы басқару әдістерін пайдалану кластерлер жұмысының тиімділігін арттыруға көмектеседі.

- *Экологиялық жауапкершілік*: экологиялық орнықтылық және экологиялық таза материалдарды пайдалану мәселелеріне көбірек көңіл бөлінеді. Кластерлер шеңберінде жұмыс істейтін компаниялар осы талаптарға сәйкес келуге ұмтылады, бұл олардың халықаралық деңгейдегі бәсекелік қабілеттілігін арттырады.

Қорытынды

Сонымен, шет елдердің құрылыс салысында және құрылыс материалдары өндірісінде кластерлерді қалыптастыру және дамыту бәсекеге қабілеттілікті арттыру және экономикалық өсуді жеделдету үшін тиімді құрал бола алатындығын көрсетеді. Кластерлік саясатты табысты іске асыру үшін үдеріске барлық қатысушылар арасында тығыз өзара іс-қимылды, мемлекет тарапынан қолдауды және басқаруға инновациялық тәсілдерді енгізуді қамтамасыз ету қажет.

Ал Қазақстан өңірлерінде аумақтық кластерлерді дамытудың отандық тәжірибесі Үкіметтің қолдауымен QazIndustry орталығының базасында одан әрі озық үлгіге айналуы тиіс. Бұл біздің ойымызша, ҚР-ң экономикалық дамуының ұлттық жоспарын, индустриалдық-инновациялық дамытудың ұлттық жобасының жоспар-кестесін және іс-қимыл жоспарын, кластерлік дамуға жауапты министрліктің стратегиялық даму жоспарын орындау бойынша құқықтық базаны қалыптастыра отырып бірқатар ұсыныстар беруге болады:

- аумақтық кластерлерді қолдауға бағытталған әр кластердің мақсаттық кластерлік бағдарламаларына сәйкес мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну;

- әрбір аумақтық кластер үшін жобаны бірлесіп қаржыландыруға жыл сайын 100 млн. теңгеден артық қаржы ресурстарын бөлу;

- әр кластердің орталықтарын Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Алматы, Түркістан облыстарында және Алматы, Шымкент қалалары бойынша таңдап алынған 6 аумақтық кластерлердің орналасқан өңірлерінде тәжірибемен алмасу және білім беру мекемелерінің қатысуымен біліктілікті көтеру шараларын әрдайым ұйымдастыру;

- аумақтық кластерлерді дамыту арқылы отандық экономиканың индустриалдық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Әдебиеттер

Абдыров Т.Ш., Токтогулова А.К. Стратегия инновационного кластерного развития экономики. Бишкек. — 2017. — 272 с.

«Аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу Ережелерін бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 873 Бұйрығы [Электрондық ресурс] – URL: adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014857

Ахунжаева И.Н. и др. Инструменты оценки конкурентоспособности инновационных кластеров. Балтийский регион. 2020. — Т. 12 — № 2. — С. 153-173.

Видение развития территориальных кластеров: материалы QazIndustry. Нур-Султан: — 2021. Construction industry in Sweden — statistics and facts. URL: [Construction industry in Sweden - statistics & facts | Statista](#)

Еспаев С.С., Киреева А.А. Ұлттық кластерлерді қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы. — Алматы, 2013. — 234 б.

Национальный доклад о состоянии промышленности Республики Казахстан. Астана: 2024. — 216 с.

Тузубекова М.К. и др. Современное состояние формирования инновационных кластеров в Республике Казахстан. ESEP Center for Analytical Research and Evalution — 2024. — № 1 (62). — С. 94-110.

Петренко Е.С. Строительный кластер Карагандинской области – новые шаги к развитию. Экономика Центральной Азии. — 2019. — Том 3. — № 2. — С. 107-116.

Porter M. (2011) Competitive Strategy: Techniques for Analyzing Industries and Competitors, 4th ed., Alpina Publisher Publ., Moscow.

Schumpeter J.A. (2021) The Theory of Economic Development. Alpina Publisher, Moscow.

Стимулирование кластерного развития в Республике Казахстан: обзор оценки КИРИ. Астана: 2016.

The 10 Biggest Construction Companies in the U.S. in 2023. URL: [The 10 Biggest Construction Companies in the U.S. in 2023](#)

Шполянская А.А. Инновационные кластеры – взаимодействие бизнеса и науки. Опыт Германии. Известия УрГЭУ. — 2024. — № 3 (65) — С. 106-114.

World Bank International trade department. Cluster for competitiveness. A Practical Guide & Policy Implications for Developing Cluster Initiatives. URL: http://siteresources.worldbank.org/INTRANETTRADE/Resources/cluster_initiative_pub_web_ver.pdf

References

Abdyrov T.Sh., Toktogulova A.K. (2017) Strategiya innovacionnogo klasterного razvitiya jekonomiki [Strategy of innovative cluster development of the economy]. Bishkek, 272 p. (in Russian)

«Аумақтық кластерлерді конкурстық іріктеу Ерезхелерін бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 873 Бұйрығы [On approval of the rules for competitive selection of territorial clusters] (in Kazakh)

Ahunzhaeva I.N. i dr. (2020) Instrumenty ocenki konkurentosposobnosti innovacionnyh klasterov [Tools for assessing the competitiveness of innovation clusters]. Baltic region. — Vol. 12 — No. 2. — P. 153-173. (in Russian)

Videnie razvitiya territorial'nyh klasterov: materialy QazIndustry [Vision of the development of territorial clusters]. Qazindustry materials. — Nursultan: 2021. (in Russian)

Construction industry in Sweden — statistics and facts. URL: [Construction industry in Sweden - statistics & facts | Statista](#) (in English)

Espaev S.S., Kireeva A.A. (2013) Ұлттық кластерлерді қалыптастыру және дамыту тұжырымдамасы [The concept of formation and development of National clusters]. — Almaty. — 234 p. (in Kazakh)

Nacional'nyj doklad o sostojanii promyshlennosti Respubliki Kazakhstan [National report on the state of industry in the Republic of Kazakhstan]. Astana: 2024. — 216 p. (in Russian)

Tuzubekova M.K. i dr. (2024) Sovremennoe sostojanie formirovaniya innovacionnyh klasterov v Respublike Kazahstan [Modern public administration of an innovative class in the Republic of Kazakhstan]. ESEP Analytical Research and Evaluation Center. — № 1 (62). — P. 94-110. (in Russian)

Petrenko E.S. (2019) Stroitel'nyj klaster Karagandinskoj oblasti — novye shagi k razvitiyu [Construction cluster of Karaganda region – new steps towards development] Jekonomika Central'noj Azii. — 2019. — Volume 3. — No. 2. — P. 107-116. (in Russian)

Porter M. (2011) Competitive Strategy: Techniques for Analyzing Industries and Competitors, 4th ed., Alpina Publisher Publ., Moscow. (in English)

Schumpeter J.A. (2021) The Theory of Economic Development. Alpina Publisher, Moscow. (in English)

Stimulirovanie klaster'nogo razvitiya v Respublike Kazahstan: obzor ocenki KIRI [Stimulating cluster development in the Republic of Kazakhstan: a review of the KIRI assessment]. — Astana: 2016. (in Russian)

The 10 Biggest Construction Companies in the U.S. in 2023. URL: The 10 Biggest Construction Companies in the U.S. in 2023. (in English)

Shpoljanskaja A.A. (2024) Innovacionnye klasteri – vzaimodejstvie biznesa i nauki. Opyt Germanii [Innovation clusters are the interaction of business and science. The German experience] USUE News. — № 3 (65). — P. 106-114. (in Russian)

World Bank International trade department. Cluster for competitiveness. A Practical Guide & Policy Implications for Developing Cluster Initiatives. URL: http://siteresources.worldbank.org/INTRANETTRADE/Resources/cluster_initiative_pub_web_ver.pdf (in English)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш. Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадыранова*

Подписано в печать 20.06.2025.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

46,0 п.л. Тираж 300. Заказ 3.